

Отын сатып алу үшін бір жолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 190 шешімі. Атырау қалалық Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 сәуірде № 4-1-116 тіркелді. Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 18 тамыздағы № 300 шешімімен

Ескерту. Атырау қалалық мәслихатының 2011.08.18 № 300 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын басшылыққа ала отырып, Атырау қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс атқаратын мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсету мөлшері 5000 (бес мың) теңге көлемінде жыл сайынғы бір жолғы әлеуметтік көмек бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Атырау қалалық Мәслихатының тұрғындарды әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, жастар және спорт ісі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Рысқалиев) жүктелсін.

XVI сессия төрағасы

А. Пастухов

Қалалық Мәслихат хатшысы

Б. Қазиманов